

"Маңғышлақ атом энергиясы комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1341

"Маңғышлақ атом энергиясы комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына оңалту рәсімін қолданудың қанағаттанғысыз нәтижелеріне, ауыр қаржы-экономикалық жағдайына әрі оның дәрменсіздігіне байланысты, сондай-ақ оның ел экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір апта мерзімде "Маңғышлақ атом энергиясы комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) оңалту рәсімін тоқтату, оны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуді қамтамасыз етсін.

2. Сот Кәсіпорынды банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім қабылдаған жағдайда, оның конкурстық массасын сатудың мыналарды көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін:

1) БН-350 реакторының энергиямен, жылумен, сумен үздіксіз жабдықталуы және радиациялық қауіпсіздігін қолдау үшін қажетті өндірістің бірыңғай технологиялық циклын қамтамасыз ететін Кәсіпорынның мүліктік кешенін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - л о т) с а т у д ы ;

2) лотты сатудың ең төмен бағасын әкімшілік шығыстар мен бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес етіп белгілеуді;

3) аукционға тек атом энергетикасы немесе өнеркәсіп объектілерін пайдалануға лицензиясы бар мамандандырылған заңды тұлғалардың қатысуын, сондай-ақ атом энергетикасы мен өнеркәсібінің Қазақстан рыногындағы жұмыс тәжірибесінің 5 (бес) ж ы л д а н к е м б о л м а у ы н ;

4) Кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес конкурстық басқарушыға шарттар жасасу құқығын беруді.

3. Конкурстық массаны сатып алушыларға мыналарды:

1) сатып алушының өндірістік-технологиялық циклдың, тұтынушыларды энергиямен, жылумен, сумен жабдықтаудың және табиғат қорғау объектілерінің жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауын;

2) сатып алушының Кәсіпорын қызметкерлерінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауын көздейтін қосымша талаптар белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруды камтамасыз етсін;

2) Кәсіпорынның мүліктік кешенін жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар сатып алушы сатып алған жағдайда Кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайын тұрақтандыру әрі өндірістік қызметін қалпына келтіру үшін дивидендтерді өндірістік-техникалық қайта жарақтандыруға, өндірісі мен инфрақұрылымын дамытуға жіберу туралы шешім қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі